

Анықтама телефоны және құжаттарды
қабылдау орыны:

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің Шығыс
Қазақстан облысы бойынша
департаменті,
Тәуелсіздік даңғылы, 4 (404 кабинет)
т. 8 (7232) 76-50-91

Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері және
сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл агенттігінің Шығыс
Қазақстан облысы бойынша
департаменті



Шығыс Қазақстан мемлекеттік
қызметінің жастар мектебі

«Мен жас мемлекеттік қызметкердің жаңа типтегі тәрбиесіне ерекше көңіл бөлдім. Менің ойымша, ол ұлттың қызметшісі, патриотты және әділ, өз ісіне адал және кәсіби болуы керек»

И. Давыдов



Мемлекеттік қызметші дегеніміз кім



Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы

(Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңының 1-бабының 12) тармақшасы)



Мемлекеттік қызмет деген не



Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі –

мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарда мемлекеттік биліктің міндеттері

мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттіктерді атқару жөніндегі қызметі

(Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңының 1-бабының б) тармақшасы)



Мемлекеттік қызметке қалай кіруге болады



1 кезең. Мемлекеттік тіл мен заңнаманы білуге тест тапсрасыз.

— **2 кезең.** Жеке қасиеттерді бағалау тестін тапсырасыз.

3 кезең. Жалпы конкурс жариялаған мемлекеттік органға әңгімелесуге қатысыңыз..

(Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңының 26-бабы)



Мемлекеттік органдар деген не



Мемлекеттік органдар деп - мемлекет атынан Конституция, заңдар, өзге де нормативтік құқықтық актілер арқылы:

- 1) жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерін белгілейтін актілер шығару;
- 2) әлеуметтік мәні бар қоғамдық қатынастарды басқару мен реттеп отыру;
- 3) мемлекет белгілеген жалпыға бірдей міндетті мінез-құлық ережелерінің сақталуына бақылау жасау жөніндегі функцияларды жүзеге

асыруға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекемелер ұғынылады

(Қазақстан Республикасының «Әкімшілік рәсімдер туралы» заңының 2-бабы)



Мемлекеттік қызметке қандай біліммен кіреді



— **«Білім»** (Білім беру басқармасы (аудандар), Білім саласындағы бақылау департаменті);

— **«Құқық»** (Ішкі істер департаменті, Прокуратура, Әдлет департаменті, Соттардың әкімшілігі);

— **«Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес»** (Қаржы басқармасы (аудандар), Экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы (аудандар), Мемлекеттік кірістер департаменті, Тексеру комиссиясы, Ішкі мемлекеттік аудит департаменті, Ішкі саясат басқармасы (аудандар), Статистика департаменті);

— **«Техникалық ғылымдар және технологиялар»** (Құрылыс басқармасы (аудандар), Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитетінің департаменті, Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің департаменті, Мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы);

— **«Ауылшаруашылық ғылымдары»** (Ауыл шаруашылығы басқармасы (аудандар), Агроөнеркәсіптік кешпендегі инспекциясы);

— **«Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамсыздандыру (Медицина)»** (Денсаулық сақтау басқармасы, Қоғамдық денсаулық сақтау департаменті, Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің департаменті, Фармацевтикалық департаменті);

— **«Ветеринария»** (Ветеринария басқармасы, Ветеринарлық бақылау инспекциясы).